

FinePower

ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

**Аккумуляторлық
көгалшалғы
FinePower OneBase
CLMBL450**

Мазмұны

Құрылғының тағайындалуы	5
Сақтық шаралары.....	5
Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі ұсынымдар	8
Құрылғының схемасы	10
Құрастыру	11
• Жабындауға арналған саптаманы шешу және шөпке арналған контейнерді орнату.....	11
• Пышақты орнату және шешу	13
Құрылғыны пайдалану.....	14
• Аккумуляторды орнату/шығару.....	14
• Қосу/өшіру.....	15
• Шабу биіктігін реттеу.....	15
• Тұтқаның еңіс бұрышын реттеу.....	16
• Көгал ору.....	17
• Қосымша функциялары.....	17
Аккумулятор мен зарядтау құрылғысын пайдалану	18
• Аккумуляторды зарядтау.....	18
Қызмет көрсету және күтім.....	19
• Тазалау	19
• Шөп жинауға арналған контейнерді босату	20
• Сақтау.....	20
Ықтимал мәселелер және оларды шешу.....	21
Техникалық сипаттамалары	22
Жиынтықтама.....	22
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары.....	23
Қосымша ақпарат.....	24

Құрметті сатып алушы!

Сізге «FinePower» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағыныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Құрылғыны пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының тағайындалуы

Көгалшалғы — көгал оруға арналған электр сайманы.

Сақтық шаралары

Жұмыс орнындағы қауіпсіздік

- Жұмыс орны жақсы жарықтандырылуы және таза ұсталуы тиіс. Жұмыс кезінде жұмыс орнындағы ретсіздіктер немесе жарықтандырылмаған учаскелері жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін.
- Жанғыш сұйықтықтар, тұтанатын газдар немесе шаң бар үй-жайда осы электр сайманымен жұмыс істемеңіз. Пайдалану кезінде, сондай-ақ қосылған немесе сөндірілген кезде, сайман ұшқындайды, бұл шаңның немесе булардың тұтануына әкелуі мүмкін.
- Электр сайманымен жұмыс істегенде, Өз жұмыс орныңызға балалар мен бөтен адамдарды жақындатпаңыз. Сіз электр сайманын бақылаудан шығарып алуыңыз мүмкін.

Электр қауіпсіздігі

- Электр тоғы соғуынан сақтанудың қажетті шараларын қолданыңыз. Сайман корпусының құбырлар, жылыту, тоңазытқыштар сияқты жерге тұйықталған беттермен түйісуіне жол бермеңіз.
- Электр сайманды ылғал, жаңбыр және дымқыл әсерінен сақтаңыз. Электр сайманына судың түсуі электр тоғынан зақымдану қаупін арттырады.

Жеке қауіпсіздік

- Мұқият болыңыз, өзіңіздің не істеп тұрғаныңызды қадағалаңыз, электр сайманымен жұмысты алдын-ала ойластырып бастаңыз. Электр сайманын шаршаған күйіңізде, немесе дәрілік препараттардың әсерінде тұрғанда, алкогольдік немесе есірткілік масайған жағдайында пайдаланбаңыз. Электр сайманымен жұмыс істегенде, мүлт кеткен бір ғана сәт ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін.
- Жеке қорғану құралдарын: қорғану бетпердесін, табаны таймайтын аяқ киімді, қорғану дулығысын немесе есту мүшелерін қорғау құралдарын қолдану электр сайманы жұмысының түріне қарай жарақат алу қаупін азайтады.
- Электр сайманың абайсыз қосылып кетуін болдырмаңыз. Электр сайманын электр қуат желісіне және/немесе аккумуляторға қосар алдында құрылғының сөндірілгеніне көз жеткізіңіз. Қосылатын сайманды ауыстырғышынан ұстамаңыз.
- Орнату құралдарын немесе сомын кілттерін электр сайманын қосардан бұрын алып тастаңыз. Электр сайманының айналатын бөлігінде болатын құрал немесе кілт жарақаттарға әкелуі мүмкін.
- Сайманмен жұмыс істеген кезде ыңғайсыз дене қалпында болмауға тырысыңыз. Әрдайым нық қалыпта болып, тепе-теңдік сақтаңыз. Осының арқасында күтпеген жағдайларда Сіз электр сайманын жақсы бақылай аласыз.
- Қолайлы жұмыс киімін киіңіз. Кең киім кимеңіз және әшекейлер тақпаңыз. Шашыңызды, киімдер мен қолғабыңызды қозғалмалы бөлшектерден алыс ұстаңыз.
- Шаң сорғыш және шаң жинағыш құрылғыларды орнату мүмкіндігі болған кезде олардың қосылуын және дұрыс пайдаланылуын тексеріңіз. Шаң сорғышты қолдану шаңнан туындайтын қауіптерді азайтуы мүмкін.
- Электр қорегі жоғалғанда немесе электр сайманы өздігінен өшіп қалғанда, ажыратқыштың пернесін тез арада «ӨШІРУ» күйіне ауыстырыңыз. Егер кернеу жоғалған кезде машина қосылу күйде қалып қойса, қорек беру жаңартылған кезде, машина өздігінен іске қосылады, бұл пайдаланушының денсаулығына зиян келтіруі мүмкін және/немесе материалдық залалға әкелуі мүмкін.

Электр сайманын дұрыс пайдалану

- Электр сайманын шамадан тыс жүктемеңіз. Орындалатын жұмысқа арналған электр құралдарды ғана пайдаланыңыз. Сипаттамалары бойынша қолайлы болып келетін электр сайманмен Сіз көрсетілген қуат диапазонында жақсы әрі сенімді жұмыс істейсіз.
- Ажыратқышы ақаулы электр сайманымен жұмыс істемеңіз. Қосуға немесе өшіруге келмейтін электр сайманы қауіпті болады және жөнделуі тиіс.
- Электр сайманын баптауды бастар алдында, керек-жарақтарды ауыстыру және жұмысты тоқтату алдында штепсельдік айырды желі розеткасынан ажыратыңыз және/немесе аккумуляторды шығарып алыңыз. Бұл электр сайманының абайсыз қосылып кетуін болдырмайды.
- Электр сайманын, керек-жарақтарды, жұмыс құрал-саймандарын және т.б. осы нұсқаулықтарға сәйкес қолданыңыз. Бұл ретте жұмыс жағдайларын және орындалатын жұмысты ескеріңіз. Қарастырылмаған жұмыстар үшін электр сайманын пайдалану қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін.
- Құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген адамдардың пайдалануына арналмаған.
- Пайдаланылмайтын сайман құрғақ, жабық, балалардың қолы жетпейтін жерде сақталуы тиіс! Осы нұсқаулықпен таныспаған адамдардың сайманды пайдалануына мүмкіндік бермеңіз.

Көгалшалғымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары

- Аккумуляторлық көгалшалғы үйлердің жеке бақшаларындағы кішігірім және орташа өлшемдегі көгалын оруға арналған. Пайдаланушыға және басқа адамдарға дене қаупін төндіретіндіктен, көгалшалғыны басқа мақсаттарда пайдалануға болмайды.
- Шалғыны бұталарды, тірі шарбақтар мен тоғайларды қырқу, шатырлардағы немесе балкондардағы шырмауықтарды немесе көгалдарды шабу және жабындау үшін пайдалануға болмайды. Шалғыны сондай-ақ ағаш немесе тірі шарбақ кесінділерін жабындау немесе жердің әркелкілігін тегістеу үшін пайдалануға болмайды.
- Айналатын пышақ жүзі дене мүшелерін тілу немесе ампутациялаудан маңызды жарақаттарға әкелуі мүмкін.
- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда, шалғының корпусына тиіспеңіз.
- Жұмыс кезінде қорғану аяқ киім мен көзілдірікті киіп алыңыз.
- Шалғы жұмыс істеп тұрғанда пышақ лақтыратын тастар немесе топырақ жарақатқа себеп болуы мүмкін.
- Шабу алдында шабылатын ауданда қажет емес заттардың бар-жоғын тексеріп алыңыз.
- Жинауға арналған контейнердің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі ұсынымдар

АКБ табиғи тозуы

Құрылғыны ұзақ уақыт сақтау және пайдалану кезінде аккумулятор (бұдан әрі мәтін бойынша – «АКБ») заряд пен сыйымдылықты жоғалту қасиетіне ие. Құрылғыны пайдалану кезінде 300 зарядталу-зарядсыздану циклінен кейін (құрылғыны шамамен бір жыл пайдалану), АКБ сыйымдылығы номиналды мәнінен 60 %-ға дейін төмендеуі мүмкін.

400 зарядталу-зарядсыздану циклінен кейін АКБ сыйымдылығы номиналды сыйымдылықтың 80%-ға дейін төмендеуі мүмкін.

Сыйымдылықтың көрсетілген шектерде және уақыт кезеңдерінде ішінара төмендеуі – бұл АКБ табиғи тозуы, бұл ақау болып табылмайды.

АКБ тіпті құрылғыдан бөлек сақталған жағдайда да зарядын жоғалтады. Өздігінен зарядсыздану айына шамамен 5% құрайды. АКБ өз құрылысы бойынша ұзаққа шыдамайды, оның пайдаланылуына немесе пайдаланылмауына қарамай, үнемі құлдырауға ұшырайды. Температура неғұрлым жоғары болса, және зарядтың шамасы 40 %-ға тең болып саналатын «оңтайлы» мәнінен неғұрлым алыс болса (сақталуы тұрғысынан), осы құлдырау соғұрлым қарқынды болады. Басқаша айтқанда, егер АКБ пайдаланылмаса да, зарядты 40-50 % деңгейінде ұстап тұрған жөн.

Аккумуляторлық батареяның зарядталу-зарядсыздану қабілетін оған кіріктірілген контроллер басқарады. Түпнұсқа жиынтық құрамына кірмейтін сыртқы зарядтау құрылғыларына мәжбүрлі түрде «тез зарядтау» режимдеріне қосуға мүлде болмайды, өйткені зарядтау мен зарядсыздандыру токтары шектелген.

АКБ-де «жады әсері» жоқ. АКБ зарядсыздандыруды/зарядтауды кез келген заряд деңгейінен бастауға болады. Құрылғылардың көбінде зарядталу/зарядсыздану дәрежесі бойынша шектеу қойылған - егер, мысалы, заряд 90 %-дан көп болса, контроллер АКБ зарядталуына мүмкіндік бермеуі мүмкін. Сонымен қатар ол АКБ элементтерінің («қатты зарядсыздану» әсерінен) істен шықпауы үшін, оның толығымен зарядсыздануына мүмкіндік бермейді. Егер АКБ зарядсызданған күйінде 2 апта және одан көп уақыт болса, оның элементтерінде сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі орын алады, соның салдарынан АКБ-ның өзі істен шығады.

Егер құрылғының АКБ заряды таусылса және біраз уақыт пайдаланылмаса, онда құрылғыны пайдалануды қайта бастамас бұрын оны шамамен 1-2 сағатқа 3Қ-ға қосылған күйде қалдыру қажет.

Температуралық режимді сақтаңыз

АКБ +15 °С-днн +35 °С-ге дейінгі температурада зарядталған күйде сақталуы керек. АКБ өте жоғары (+50 °С-ден жоғары) және өте төмен (-30 °С-ден төмен) қоршаған орта температурасында ұзақ мерзімді пайдалануда нашар жұмыс істейді. Оны жылу көздеріне, мысалы, электр жылытқыштарына тікелей жақын қалдырмаңыз.

Зақымдану іздері бар АҚБ-ларды бөлшектемеңіз, өртемеңіз, пайдаланбаңыз.

Ешбір жағдайда АҚБ-ны өзіңіз бөлшектемеңіз және олардың элементтерін өзіңіз зарядтамаңыз, мұны білікті мамандар жасауы тиіс.

Элементтердің тесілуі немесе майысуы ішкі қысқа тұйықталуға, кейін тұтануға және жарылуға әкелуі мүмкін. АҚБ корпусы ашылған кезде, элементтің ішіне су түсуі мүмкін немесе атмосфералық ылғал сұйықталуы мүмкін, бұл сутегі бөліп шығаратын реакцияға және тұтануға әкелуі мүмкін. Зақымдалған АҚБ адамның денсаулығы үшін зиянды заттар бөледі.

АҚБ штаттық режимде жұмыс істеуін тоқтатқан, қандай-да бір себеппен пішіні өзгерген (ісініп кеткен, солып қалған және т. б.) жағдайда, авторизацияланған сервистік орталыққа дереу хабарласу керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: шынайы жұмыс уақыты көрсетілгенге сәйкес болмауы мүмкін. АҚБ зарядтау циклдерінің шектеулі санына жол береді және біраз уақыттан кейін ауыстыруды талап етуі мүмкін (кепілдік талонынан АҚБ-ға арналған шектеулі кепілдік шарттарды қараңыз). АҚБ жұмыс уақыты пайдалану режимі және баптауларға байланысты.

Бұйымның қызмет ету мерзімі

Бұйымның қызмет ету мерзімі-2 жыл.

Көрсетілген қызмет мерзімі тұтынушы осы нұсқаулықтың талаптарын сақтаған кезде жарамды болады.

Сыни істен шығулардың тізбесі

- Қатты ұшқынмен қолдануға болмайды.
- Қатты діріл пайда болған кезде пайдаланбаңыз.
- Сынған немесе ашық электр кәбілімен пайдалануға болмайды.
- Бұйымның корпусынан тікелей түтін пайда болған кезде пайдалануға болмайды.


Персоналдың ықтималды қате әрекеттері

- Зақымдалған тұтқамен немесе зақымдалған қорғаныш қаптамасымен пайдалануға болмайды.
- Жаңбыр кезінде ашық кеңістікте қолдануға болмайды.
- Корпусқа су кірген кезде қоспаңыз.

Шекті күйлердің өлшемдері

- Электр кәбілі қажалған немесе зақымдалған.
- Бұйымның корпусы зақымдалған.

Құрылғының схемасы



1. Аккумуляторларға арналған бөліктің қақпағы.
2. Алдыңғы тұтқа.
3. Тұтқа биіктігін реттеу батырмасы.
4. Тұтқаны жинау бекіткіші.
5. Тұтқаның үстіңгі бөлігі.
6. Тұтқаның төменгі бөлігі.
7. Шөпке арналған контейнер.
8. Шабу биіктігін реттегіш.
9. Іске қосу иінтірегі.
10. Ажыратқыш.
11. Артқы қақпақ.
12. Аккумуляторлық блок (опциялық).
13. Аккумуляторлық блоктың батырмасы.
14. Алдыңғы дөңгелек.
15. Қаңылтыр табаға арналған ұстағыш.
16. Шөпті бүйірден шығару бөлігінің қақпағы.
17. Жабындауға арналған сыртқы саптама.

Құрастыру

Назар аударыңыз


- Құрылғыны құрастырар алдында, кездейсоқ іске қосу нәтижесінде жарақат алмау үшін, құлыптау кілті мен аккумуляторлық блоктың алынғанына көз жеткізіңіз.
- Егер құрылғы толық жиналмаса, құрылғыны іске қоспаңыз, себебі бұл жарақатқа әкелуі мүмкін.



1. Бұғаттау кілті

Ішінде суы бар бөтелкені шешу және орнату


Ішінде су бар бөтелкені мықтап бекіту үшін, бұранданы қатайтыңыз немесе босатыңыз.



1. Ішінде су бар бөтелкеге арналған бөлік.
2. Бұранда.


Жабындауға арналған саптаманы шешу және шөпке арналған контейнерді орнату

1. Құрылғының артқы қақпағын ашыңыз.




Артқы қақпақ

2. Жабындауға арналған саптамаға кішігім күш жұмсап, оны алыңыз.



Жабындауға арналған саптама

3. Суретте көрсетілгендей етіп шөп контейнерінің ілмектерін көгалшалғы корпусының штифтеріне іліңіз.



1. Ілмек.
2. Шөпке арналған контейнер.

4. Артқы қақпақты ақырын жабыңыз.




5. Шөп контейнерін алып тастау және жабындау үшін, саптаманы орнату үшін жоғарыда көрсетілген әрекеттерді кері тәртіпте орындаңыз.

Құрылғыны пайдалану

Аккумуляторды орнату/шығару


- Батареяны орнату және шығарып алу алдында, құрылғының өшірілгенін және іске қосу тұтқасының жұмыс істеп тұрғанын және босатылған кезде бастапқы күйіне оралғанын тексеріңіз.
- Қолыңыздан тайып кетпес үшін және батареяға немесе құрылғыға зақым келтірмеу үшін, орнату/шығару кезінде құрылғыны және батареяларды мықтап ұстаңыз.
- Құрылғыны қолданар алдында, батарея бөлігі қақпағының жабық екеніне көз жеткізіңіз.
- Аккумуляторлық блоктарды орнату кезінде, көп күш жұмсамаңыз.
- Құрылғы бір ғана аккумулятормен жұмыс істемейді.

1. Аккумуляторды орнату үшін, ысырманы тартып, бөліктің қақпағын ашыңыз.



1. Бөлік қақпағы.
2. Ысырма.

2. Аккумуляторлық блоктағы дөңесті көгалшалғыдағы қуыспен үйлестіріп, аккумуляторды сырт еткізіп жылжытыңыз.



1. Аккумуляторлық блок.

3. Аккумулятор бөлігінің қақпағын жауып, оны сырт еткенге дейін басыңыз.



4. Бұғаттау кілтін тірелгенше салыңыз.



5. Аккумуляторлық блокты шығарып алу үшін, қақпақтың қақпағын тартып, қақпақты ашыңыз, аккумуляторлық блоктағы бұғаттау батырмасын басып, оны құрылғыдан шығарып алыңыз. Бұғаттау кілтін суырып алып, бөлік қақпағын жабыңыз.

Құрылғыны пайдалану

Қосу/өшіру

1. Басқару панеліндегі батырманы басып, ұстап тұрыңыз.
2. Тұтқаның үстіңгі бөлігінен ұстап, іске қосу иінтірегін басыңыз.
3. Қозғалтқыш іске қосылғанда, ажыратқышты босатыңыз. Сіз іске қосу иінтірегін босатқанша, құрылғы жұмыс істей береді.
4. Қозғалтқышты тоқтату үшін, іске қосу иінтірегін босатыңыз.




1. Ажыратқыш.
2. Тұтқаның үстіңгі бөлігі.
3. Іске қосу иінтірегі.

Ескертпелер

- Құрылғы, тіпті, іске қосу иінтірегі басулы болса да, ажыратқыш батырмасын баспайынша іске қосылмайды.
- Аккумулятор мен бұғаттау кілтінің құрылғыға орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Шабу биіктігін реттеу

Шабу биіктігін 6 орналасымда 25-тен 75-ке дейінгі диапазонда реттеуге болады.



1. Бұғаттау кілтін суырып алыңыз, содан кейін шабу биіктігін реттегішті бір жанына тартып, оны қажетті орынға жылжытыңыз.
2. Бір қолмен декадан ұстап, келесі қолмен шабу биіктігін реттегішті жылжытыңыз.



Назар аударыңыз: шабу биіктігін реттеу кезінде, аяқ немесе қолыңызды құрылғы корпусының астына салмаңыз.


Ескерту: көгалдың немесе жердің жағдайына байланысты көгалдың нақты биіктігі берілген биіктіктен біршама ерекшеленуі мүмкін. Қажетті биіктікті таңдау үшін, көгалшалғыны өте елусіз учаскеде тестілеу ұсынылады.

Тұтқаның еңіс бұрышын реттеу

Назар аударыңыз: тұтқаның бұрышын реттегішін бұраудан бұрын, құлап кетпеу және жарақат алмау үшін, тұтқаның төменгі бөлігін мықтап ұстаңыз.

Тұтқаның еңіс бұрышы екі деңгейде реттеледі.


1. Тұтқаның еңіс бұрышын реттегішті екі жағынан сағат тілімен немесе сағат тіліне қарсы бұраңыз, штифт ойықтан шығады.
2. Тұтқаның түбін мықтап ұстап, штифтті ойықпен туралаңыз және тұтқаның бұрышын реттегішті екі жағынан сағат тілімен немесе сағат тіліне қарсы бұраңыз.



1. Тұтқаның еңіс бұрышын реттегіш.
2. Тұтқаның төменгі бөлігі.
3. Штифт.
4. Ойық.

Көгал ору

- Жабындауға арналған саптама шабылған шөптің көгалда қалуы керек болған жағдайда қолданылады, сондықтан бұл саптаманы пайдаланған кезде, шөп жинауға арналған контейнерді алыңыз.
- Жұмысты бастар алдында, өңделетін аймақтан бұталар мен тастарды алып тастаңыз.
- Құрылғымен жұмыс істегенде, әрқашан қорғану көзілдірігін киіңіз.
- Егер шөп немесе бөгде зат құрылғы корпусына жабысып қалса, шөпті немесе бөгде затты алып тастау алдында бұғаттау кілті мен аккумуляторлық блокты алып тастап, қолғап киіңіз.
- Жұмыс кезінде тұтқаны қос қолдап қатты ұстаңыз.
Ұсынылатын өңдеу жылдамдығы – 4 секундта шамамен 1 метр.
- Контейнері толтырылғын құрылғыны пайдалану пышақтың тегіс айналуына жол бермейді және қозғалтқышқа қосымша жүктеме жасайды, мұның өзі сынуға әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны тексеру алдында, оны өшіріңіз, содан кейін бұғаттау кілті мен аккумуляторлық блокты шығарыңыз.
- Өңделетін аймақтың ені алдыңғы дөңгелектердің орналасуымен анықталады. Жұмыс кезінде біркелкі өңдеу үшін, алдыңғы жолақты 1/2-1/3 етіп қалқалаңыз. Көгал ору кезінде, шабу бағытын ауыстырып, шөп жинауға арналған контейнерді тексеріңіз.



1. Шабу ені.
2. Қалқалау аумағы.
3. Өс.

Қосымша функциялары

Құрылғы аспапты/батареяны шамадан тыс жүктемеден, қызып кетуден немесе қайта зарядтаудан қорғау жүйесімен жабдықталған. Жүйе аспап мен батареяның қызмет мерзімін ұзарту үшін, құрылғының қорегін автоматты түрде өшіреді.

- Егер шамадан тыс жүктеме қорғанысы іске қосылса, құрылғыны өшіріп, үзіліс жасаңыз. Содан кейін құрылғыны қайта қосыңыз.
- Қызып кетуден қорғаныс іске қосылған кезде, құрылғыны өшіріп, оны қайта қосар алдында суытып алыңыз.
- Төмен заряд деңгейінде аккумуляторды шешіп алып, оны зарядтаңыз.

Жабындауға арналған ішкі саптаманы пайдалану

Жабындауға арналған ішкі саптама шөпке арналған контейнерге шөп жинамай, шабылған шөпті жерге қайтаруға мүмкіндік береді. Егер сіз жабындауға арналған ішкі саптаманы пайдалансаңыз, міндетті түрде шөпке арналған контейнерді шешіңіз.

Жабындауға арналған сыртқы саптаманы орнату

1. Жабындауға арналған сыртқы саптама шөпке арналған контейнерге шөп жинамай, шөпті жұмыс кезінде көгалшалғының оң жағына үйіп, шабылған шөпті жерге қайтаруға мүмкіндік береді. Егер сіз жабындауға арналған сыртқы саптаманы пайдалансаңыз, міндетті түрде шөпке арналған контейнерді шешіңіз.
2. Бүйір бітемеден тартып, жабындауға арналған сыртқы саптаманы бекітіңіз.



1. Бүйір бітеме.
2. Жабындауға арналған сыртқы саптама.

3. Бүйір бітемені шығарыңыз.



Шөп тастау бөлігінің қақпағын пайдалану

1. Бұл қақпақ жабындауға арналған саптаманы пайдаланған кезде көгал шөпшалғының оң жағындағы шөптің төселуін бұғаттау үшін қажет.
2. Қақпағынан тартып, жабындауға арналған сыртқы саптаманы шешіңіз.



3. Қақпақты орнына қайтарыңыз.



Шөп жинауға арналған контейнерді босату


1. Иске қосу иінтірегін босатыңыз.
2. Бұғаттау кілтін шығарыңыз.
3. Артқы қақпақты ашып, тұтқадан ұстап, шөп жинауға арналған контейнерді шығарыңыз.



1. Артқы қақпақ.
2. Шөпке арналған контейнер.


Сақтау

1. Артқы қақпақты ашып, тұтқадан ұстап, шөп жинауға арналған контейнерді шығарыңыз.




1. Артқы қақпақ.
2. Шөпке арналған контейнер.
3. Тұтқа.

2. Бекіткішті басып, оны бұрыңыз, содан кейін тұтқаның үстіңгі бөлігін жинаңыз. Бұғаттан шығару үшін сағат тілімен, ал тұтқаны бекіту үшін сағат тіліне қарсы бұраңыз.



1. Бекіткіш.

3. Тұтқаны жаю үшін, әрекетті кері тәртіпте орнатыңыз.



2. Тұтқаның үстіңгі бөлігі.



Пышақты орнату және шешу

Назар аударыңыз

- Пышақты алып тастау алдында немесе орнату алдында жарақат алмау үшін, әрқашан бұғаттау кілті мен аккумуляторлық блокты шығарып алыңыз.
- Құрылғыны өшірген соң, пышақ айналымының толық тоқтауын күте тұрыңыз.
- Пышақпен жұмыс істегенде, әрқашан қорғану қолғабын киіңіз.


Шешу

1. Құрылғыны шабу биіктігін реттегіш үстінен тұратындай етіп, бүйір жағына қойыңыз.
2. Пышақты ағаш қайрақпен немесе соға ұқсас затпен бұғаттаңыз. Пышақты зақымдап алмау үшін, металл немесе тас заттарды пайдалану ұсынылмайды.
3. Бұранды сомын кілтпен сағат тіліне қарсы бұраңыз.



1. Пышақ.
2. Алтықырлы бұран.
3. Қайрақ.
4. Сомын кілті.

4. Бұранды, сомын мен пышақты шешіп алыңыз.



1. Алтықырлы бұран.
2. Пышақ.
3. Сомын.

5. Пышақты кері тәртіпте әрекет ететіндей етіп орнатыңыз.

Ескертпе

- Пышақты ондағы жебе сыртқы қарап тұратындай етіп орнатыңыз.
- Пышақты бекіту үшін, бұранды сағат тілімен бұрап тартыңыз.
- Пышақ пен барлық бекіткіш бөлшектердің дұрыс орнатылғанына және сенімді тартылғанына көз жеткізіңіз.

Ықтимал мәселелер және оларды шешу

Проблема	Ықтимал себебі	Шешімі
Құрылғы істемейді	Аккумуляторлар орнатылмаған	Аккумуляторды орнатыңыз.
	Аккумулятор зарядсызданған	Аккумуляторды зарядтаңыз
	Аккумулятор бұзылған	Аккумуляторды ауыстырыңыз
	Бұғаттау кілті орнатылмаған	Бұғаттау кілтін салыңыз
Құрылғы іркіліп жұмыс істейді	Аккумулятор зарядсызданған	Аккумуляторды зарядтаңыз
	Тым төмен шабу биіктігі орнатылған	Биіктікті ұлғайтыңыз
Құрылғы максимал айналымда жұмыс істемейді	Аккумуляторлар дұрыс орнатылмаған	Аккумуляторларды осы нұсқаулықта сипатталғандай етіп орнатыңыз.
	Құрылғы бұзылған	Авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз
	Аккумулятор зарядсызданған	Аккумуляторды зарядтаңыз
Кесетін аспап айналмайды	Құрылғыда бөгде зат (мысалы, бұта) бітеліп қалған	Құрылғыны тез арада өшіріп, бөгде затты алып тастаңыз.
	Құрылғы бұзылған	Авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз
Ерекше діріл	Құрылғының пышағы өтпес немесе тозған	Тез арада құрылғыны сөндіріп, пышақты ауыстырыңыз.

Акумулятор мен зарядтау құрылғысын пайдалану

Ескертпе: осы электр сайманың жиынтықтамасына акумулятор мен зарядтау құрылғысы кірмейді. Кестеде осы электр сайманымен үйлесімді акумуляторлар мен зарядтау құрылғыларының үлгілері көрсетілген.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: тек осы электр сайманымен үйлесімді аксессуарларды пайдаланыңыз.

Li-ion акумуляторы	Finepower OneBase B20 / Finepower OneBase B40 / Finepower OneBase B60
Зарядтау құрылғысы	Finepower OneBase C124 / Finepower OneBase C135 / Finepower OneBase C230


Акумуляторды зарядтау

1. Акумуляторды электр сайманынан ажыратыңыз. Ол үшін акумулятордағы бекіту батырмасын (1) басыңыз және электр сайманынан акумуляторды абайлап алыңыз.

Бекіту батырмасы



2. Зарядтау құрылғысын электр желісіне қосыңыз. Индикатор жасыл түспен жанады.
3. Акумуляторды зарядтау құрылғысына салыңыз және қосылымның дұрыстығына көз жеткізіңіз.
4. Индикатор қызыл түспен (2) жанып, осылайша зарядтаудың жүріп жатқанын көрсетеді.
5. Зарядтау аяқталған соң, индикатор жасыл түспен жанады (1). Зарядтау құрылғысын желіден ажыратыңыз және акумуляторды шығарып алыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: зарядтау құрылғысын желіден ажыратқан кезде сымнан ұстап тартпаңыз.

1. Зарядтаулы.
2. Зарядталуда.

Аккумулятор	Аккумулятордан номиналды жұмыс уақыты*
B20 2.0 А·сағ	≥ 5 минут
B40 4.0 А·сағ	≥ 10 минут
B60 6.0 А·сағ	≥ 15 минут



* Шағын жүктеме режимінде аккумулятор толық зарядталғанда құрылғының жуық шамалы жұмыс уақыты.

Заряд деңгейінің индикаторы	Зарядтың қалдығы (%)
<p>Жасыл Қызғылт-сары Қызыл</p>	75 - 100%
<p>Қызғылт-сары Қызыл</p>	25 - 50 %
<p>Қызыл</p>	10 - 25 %

Қызмет көрсету және күтім

- Әр пайдаланғаннан кейін құрылғыны тазалап жүріңіз.
- Құрылғыны тазалау, жылжыту немесе сақтау алдында, оның өшірілгеніне және аккумулятор мен бұғаттау кілтінің суырып алынғанына көз жеткізіңіз.
- Бұғаттау кілтін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Тексеру немесе қызмет көрсету алдында, қорғану қолғабы мен көзілдірік киіп алыңыз.
- Құрылғының түссіздігін, деформациясын немесе жарықтардың пайда болуын болдырмау үшін, бензин, еріткіш, спирт және т.б. пайдаланбаңыз.
- Құрылғы жылжығанда, дека мен астыңғы тұтқандан ұстаңыз.

Тазалау

1. Бұғаттау кілті мен аккумуляторларды шығарып алыңыз, содан кейін аккумуляторларға арналған бөліктің қақпағын жабыңыз.
2. Құрылғыны бүйір жағына қойып, көгалшалғы декасының төменгі жағында жиналған шөп қалдықтарынан тазартыңыз.
3. Құрылғының пышақ бекітілген астыңғы бөлігін сүмен жуыңыз.
4. Сомындар, бұрандалар, тұтқалар, бұрандалар, нығайтқыш бөлшектер және т.б. тартып бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
5. Қозғалатын бөлшектерді зақымдарға, сыну мен тозуға қатысты тексеріңіз. Ақаулар анықталған жағдайда, авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз.
6. Көгалшалғыны сенімді және балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

Назар аударыңыз: құрылғыны жоғары қысымда жұмаңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: CLMBL450.
- Батарея түрі: Li-ion.
- Кернеу: 40 В.
- Шабу биіктігі: 25-75 мм.
- Өңдеу ені: 450 мм.
- Пышақ жүзінің айналымы: 2800 айн/мин.
- Дөңгелектер диаметрі:
 - алдыңғы — \varnothing 175 мм;
 - артқы — \varnothing 250 мм.
- Суға арналған ыдыстың көлемі: 60 л.
- Дыбыс қысымының деңгейі (K=3 дБ(A)): 78 дБ(A).
- Дыбыс қуатының деңгейі (K=3 дБ(A)): 91,5 дБ(A).
- Діріл деңгейі (K=1,5 м/с²): 2,5 м/с².

Жиынтықтама

- Құрылғы.
- Пайдаланушының нұсқаулығы.
- Жабындауға арналған керек жарақтар.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай-да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қояды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5 °С-ден 40 °С дейінгі ауа температурасында және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің бұлары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, лас, соққылар, ылғал, от және т. б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз, дұрыс қолданылмаған жағдайда, қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, дереу авторизацияланған қызмет көрсету орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Нинбо Лянъе Электрик Эпплайнсис Ко., Лтд.
Цяньхоучэнь ауылы, Юньлун, Иньчжоу ауданы, Нинбо қ., Чжэцзян пров., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, 12 ғимарат, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

- КО ТР 010/2011 «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Өнім ерекшеліктері, ол туралы ақпарат, оның жинақтамасы мен функционалы пайдаланушыға алдын ала ескертпей өзгертілуі мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.2

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://finepower.ru/page/dynamic/support/>

Кепілдік міндеттемелері және ақысыз қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, бұйым жиынтығына кіретін төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат көзінің элементтері (батареялар).
- Біріктіру кабельдері, антенналар және оларға арналған ұластырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштары, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (соның ішінде, бірақ аталғандармен шектелмей, бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын-ала орнатылған БЖ), сыртқы енгізу/шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасуға арналған сымдар, монтаждау айлабұйымдары, саймандар, бұйымға қоса берілген құжаттама.
- Шығыс материалдары және табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектер.



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:

- Кепілдік мерзімі өтіп кеткен жағдайда.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымның иесі және/немесе үшінші тұлғалар бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу салдарынан, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды, бұйымды қосу (тиісті емес желілік кернеудің бұйымның өзіне де, онымен түйіндес бұйымдарға әсер етуінің нәтижесінде де пайда болған қысқа тұйықталулар), сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан шектен ықтимал материалдық, моральдық және өзге зиян үшін жауап бермейді.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: жарықтар, сызаттар, деформациялар, соққы іздері, майысқан, мыжылған жерлер және бұйымды пайдалану барысында болған т. б. зақымданулар.
- Сыртқы түрлендірулердің, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдардың жүргізу іздері болса. Егер ақау бұйым конструкциясының немесе схемасының өзгеруіне, өндіруші көздемеген сыртқы құрылғылардың қосылуына, жергілікті заңнамаға сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануға байланысты болса.
- Егер ақау еңсерілмейтін күш әсерінен (табиғи апаттан, өрттен, су тасқынынан, жер сілкінісінен, тұрмыстық факторлардан және Өндірушіге байланысты емес өзге жағдайлардан) немесе үшінші тұлғалардың Өндіруші болжай алмаған әрекеттерінен туындаған болса. Ақау бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелген бұйымның ішіне бөтен заттар, бөгде денелер, заттектер, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлар түсуінен, агрессивті орталардың, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температуралардың әсерінен туындаған болса.
- Бұйым сәйкестендірілмесе немесе сәйкес келмесе (сериялық нөмірі). Егер ақаулықтар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен; БЖ жеткізушісінде ұқсас қызметтер ұсынылмауына байланысты, арылту/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз, бұйымның бағдарламалық ресурстарына қатынай алмауға әкелетін, құпиясөздерді (кодтарды) орнатудан, ауыстырудан немесе жоюдан туындаған болса.
- Егер жұмыс ақаулары қуат бергіш, кәбілдік желілерінің, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына сәйкес келмеуінен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктерінен және басқа ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің қамту шекарасында немесе аймағынан тыс пайдаланудан туындаған болса.
- Егер ақаулықтар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапалы емес (зақымдалған) шығыс материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (CD, DVD дискілерін, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлесімді емес контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қосымшалары және оларға ұқсас бағдарламалар) алу-дан, орнатудан және пайдаланудан туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істеп тұрған басқа жабдыққа келтірілген шығынға.



